



ШАҢБАЙ ТҮРДЫҚҰЛ, Семей мемлекеттік педагогикалық институтының түлегі, филология ғылымдарының кандидаты. **Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу Орталығының директоры**, «Шәкәрім» республикалық ғылыми-педагогикалық журналы Бас редакторының орынбасары. Ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен әдебиет теориясы, өнер философиясы және ғылым методологиясы салаларын қамтиды. «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясын, «Шәкәрімтану мәселелері» бес томдық сериялық ғылыми жинағын, басқа да кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындауға басшылық жасауда. Ғалымның «Шәкәрімнің философиялық лирикасы (методологиялық ізденістер)» зерттеуін беріп отырмыз. Отандық ғылымда философиялық лирика мәселесі түңғыш рет арнайы қарастырылып отыр.

ШӘКӘРІМНІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЛИРИКАСЫ (методологиялық ізденістер)

Шәкәрім қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жаңа түрлерін қалыптастырып, бұл салада үлкен жаңалық тапты. Академик Заки Ахметов.

Шәкәрімнің философиялық лирикасы ғылымда проблема ретінде қойылып, арнайы қарастырылған емес. Оның бірнеше себептері бар. Негізгі себеп, отандық әдебиеттануда, жалпы ұлттық мәдени шығармашылық пен ғылымдар контекстінде (философия, филология, мәдениеттану, өнертану, теология, т.б.) алып қарасаңыз да қазақ философиялық лирикасын жанрлық түр ретінде арнайы зерттеген еңбекті кездестірмейсіз. Соның нәтижесінде, қазақ философиялық лирикасы - тамырын тереңнен тартатын ұлттық шығармашылықтың (сақ-ғұн-түркі-қазақ мәдениеті) негізгі өзегі ретінде орны айқындалмады. Әдебиеттануда арнайы мәселе ретінде қойылмады. философиялық лирика табиғатын айқындайтын ғылыми жүйе қалыптасады, сондықтан жалпы көркемдік-эстетикалық, діни-танымдық бірліктің бөлшегі ретінде әр кезде аталып өтіп, жалпылай қарастырылатын.

Ал, отандық философия, мәдениеттану және теологияда да философиялық лирика ең алдымен ұлттық сөз өнеріндегі жанрлық жүйе екендігі назарға алынбай келеді. әркім қажетінше өз керегіне жаратып жүр. Қарастыратын себебі, қажетіне жарататын себебі философиялық лирика ұлттық дүниетанымның өнер, дін, философия сияқты тарихи қалыптасқан типтеріне тән қасиеттерді бойына жиган ерскіше жүйе, сөз өнерінің ерекше жанры, яғни мстажанр. Философиялық лирика ұғымы ғылыми айналымда бар болса, ұлттық сөз өнерінде де жанрлық түр, көркемдік жүйе ретінде

бар болғаны. Ескерте кететін жайт, қазақ философиялық лирикасы шашыраңды түрде болса да басқа мәселелер контекстінде отандық әдебиеттануда қарастырылып келе жатқандығын терістемейміз.

Филология ғылымы аясында А.Байтұрсынов, Абай шығармашылығы аясында М. Әуезов, Шәкәрім шығармашылығы аясында айтар болсақ, З. Ахметов, Р.Бердібай, М. Базарбаев, Ш. Елеуенов, Ш.К. Сәтбаева, М. Мырзахметұлы, Т. Шапай, Г. Досқенов арнайы зерттемегенмен философиялық лириканың қазақ сөз өнерінде барлығына әр кезде жанама түрде болса да тоқталып, атап өткен. Соның біразына шолу ретінде тоқталып өткенді ретті санаймыз: «...Абай өлеңге ...төр түгіл, тақтап орын берген.»(1,218), «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған. **Хақиқатты хақиқат** қалыбында, **тереңді терен** қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әр түрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай **Спенсер**, **Луис Дрепер** деген Европаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған.»(1,220), «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1)ақылға, 2)қиялға 3)көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, таңу, **ақылға салып ойлау**; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі –

түю, талғау»(2,343); «Өзіндік философиялық системасы, жекеше философиялық еңбектері болмаса да Абайдың барлық мұрасын алғанда (лирикасы, поэмалары, қара сөздері) көп шығармаларында көрініп отыратын анық ойшылдық көзқарастар, терең толғаулар болады. Бұлар міне, қатты ескеріліп, анықтап зерттеліп отыруға керек. Және осындай ойшылдық белгілерін жеке философиясы деп атамасак та, ақынның даналық, философиялық көзқарастары (философские взгляды) деген түрде, мейлінше түгел қамтып, тексеріп, талдай білуіміз керек»(3,171); «Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының басты бір ерекшелігі ойшыл, философ болуына байланысты.»(4,31). «Шәкәрім лирикасында сыршылдықтан ойшылдық басым, философиялық сарын күшті»(4,31), «Шәкәрім қазақ поэзиясында философиялық лириканың бұрын өріс алмаған жана түрлерін қалыптастырып, бұл салада үлкен жаңалық тапты»(4,32), «Шәкәрім лирикасының түрлік, мазмұндық сан-сала жаңалығын сөз ету арнаулы зерттеулер сыбағасы болмақ»(5,41), «Абай дәстүріндегі поэзияның бнік мәдениетін, алғырлығын, философиялық түйін-толғанысқа деген қабылетінің молдығын байқаймыз»(6,53). «Қазақ ақынының «таза ақыл», «ақ жүрек» дейтіні жай бір қысыр кенес емес, оның адамгершілік философиясынан тарайды»(7,68). «Шәкәрім Құдайбердиев табиғат, қоғам, адам туралы көп толғаныс-тебіреністер, философиялық тұжырымдар жасаған»(8,77), «Сопылық поэзиядағы осы ұғым (*Хаққа гашиқтық туралы – Т.Ш.*), Шәкәрімнің философиялық лирикасында шартты ұғым ретінде берілетін»(9), «Абайдың лирикалық Тұлғасы – ақынның дара болмысынан, дербес сана, бүтін дүниетанымынан бөлініп-жарылмаған бірегей-тұтас құбылыс. ...Шәкәрім тұлғалаған «мен»...Абай сомдаған тұлғаның рухани тұрғыдағы пікелей жалғасы болып келбет алды» (10,179).

Философиялық лирикаға отандық ғылымда алғашқы анықтама «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» берілді: «Философиялық лирика – лирикалық тақырыптық табиғатына, мазмұндық-идеялық тұрғыда жіктелуіне байланысты туған ұғым. Философиялық лирика термині әдебиеттануда жиі ұшысырасатындығына қарамастан, ол туралы дәйекті, тиянақты байлам жоқ. ...Ғалам сыры, тіршілік құпиясы, жазмыш жұмбағы – адамзат тарихының қай кезеңінде болмасын, ақындар мен философтарды бірдей ой азабына салған мәселелер. ...Тәңірі наным мен исламның тоғысынан туындап, өзгеше сынайда кемелденген халықтық философия аңғарындағы терең ойлы шығармаларға мейлінше бай қазақ поэзиясында қазіргі түсініктегі философиялық лирика Абайдың өнер намысынан басталады. Шығыс пен батыс философиясын көп зерделеген Шәкәрімнің философиялық лирикасы, Мағжанның осы бағыттағы өлеңдері төл поэзиямызда философиялық лирика жазу үрдісінің біржола орныққанын әйгіледі»(11,367-369).

Көрініс тапқан мол мысалдағы ой-тұжырымнан шығатын қорытынды, ұлттық сөз өнерінде, жалпы қазақ поэзиясында, Абай, Шәкәрім поэзиясында философиялық лириканың барлығы, оның орныққаны. Шәкәрім поэзиясында философиялық лириканың барлығын Зәки Ахметов, Мекемтас Мырзахметұлы және Ғалым Досқеновтердің атап айтқанын жоғарыдағы мысалдар айғақтайды. Бұл пікірлердің барлығында құнды пайымдар бар, дегенмен мәселенің басы ашық қалып отыр. Сонымен философиялық лирика дегеніміз не? Тіпті кейіннен, Шәкәрім лирикасында философиялық терең толғаныс бар дегенді жалқаудан басқаның бәрі айтты. Мәселені басқаша қою керек сияқты. Ол, бар нәрсені танудың жолы. Философиялық лириканы толықанды танудың, кешенді талдаудың жолдары қандай? Философиялық лириканың көркемдік құрылымының ерекшелігі қандай? Лириканың басқа түрлерінен ерекшелендіріп тұратын қасиеті қандай? Мәселе, оны түстеп тануда болып отыр. Философиялық лириканың табиғатын танытатын, сипатын айқындайтын ерекше көркемдік-эстетикалық, дүниетанымдық, мәдени-әлеуметтік элементер, факторлар, негіздер, белгілер қандай? Міне, соған мән беріп, назар аударғанымыз жөн болар. Осы бағытта ойланып көрейік.

Біздің ойымызша, осы мәселеде әдебиет пен өнер теориясы, дін мен мәдениет теориясы және философия теориясы ортақ методологиялық принциптерді айқындап, өзара «келісім-шартқа» отыруы керек сияқты. Әйтпесе, Шәкәрім шығармашылығын зерттеуде «әркім бір-бір талын ұстап» анығы осы деп жүр. Шәкәрім өнерді де, дінді де, философияны да бір-біріне қарсы қоймаған, терістемеген. Таза ақылмен тануға ұмтылған. Шәкәрімді шектеп, өзіне тарту, басқаны терістеу үрдісі қазірде бар. Шәкәрім – данышпан, оны зерттеуде береке-бірлік, *жүйелі зерттеу методологиясы* керек. Философиялық лирика жайында әңгіменің жалпылама ғана айтылуы, оның көркемдік, эстетикалық, танымдық, жанрлық табиғатын бірлікте қарастыратын, талдау жасауға мүмкіндік беретін ұғымдық-терминологиялық жүйенің бүгінде қалыптаспағанын көрсетіп отыр. Философиялық көркем сөз өнерін, онда көрініс тапқан ұлттық-адамзаттық құндылықтарды контексте жүйелі тануға мүмкіншілік беретін ғылыми модельдің жоқтығы, Шәкәрімнің философиялық шығармашылығына бетпе-бет келгенде айқын көрініс тапты.

Мәселен, жоғарыдағы «философиялық толғаныс бар», «ойшылдық басым», «философиялық сарын күшті», «философиялық түйін мол», «халықтық философия аңғарындағы терең ойлы шығармалар» деген пайымдар, әрине, жанрдың табиғатына берілген баға, жақсы баға. Бірақ, осы талдап-тануда философиялық лирика табиғат лирикасынан, немесе басқа да лириканың жанрлық түрінен күшті, артық деген баға жасырынып тұрса, бұндай позициядағы талдау философиялық жанр табиғатын тануға жол

ашпайды. Бұндай тұжырым лириканың басқа жанрлық түрлері философиялық лирикадан көркемдік-эстетикалық жағынан әу бастан төмен деген сияқты ойға жетелейді де, оның табиғатын тану жолынан адастырып әкетеді. Лириканың барлық жанрлық түрлері, сөз өнерінің басқа да жанрлары көркемдік-эстетикалық қуаты күшті болса, жанрлық ерекшелігіне қарамай-ақ, ұлттық-адамзаттық құндылыққа айналмақ. Оған мысал көп. Абайдың, Гетенің табиғат лирикасы т.с.с. Өнердегі көркемдік-философиялық үрдісті көркемдік шеберлік, поэтика аясында ғана қарастырмай, **дүниетанымдық мәңде, көркемдік ойлау мәдениетінің қуаты** ретінде де қарастырған абзал.

Философиялық лирика - тақырыптық-мазмұндық жағынан, лирикалық поэзияның азаматтық лирика, көңіл-күй лирикасы, саяси лирика, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы, әлеуметтік лирика деген сияқты дараланған жанрлық түрі екені айқын. Оны лириканың басқа жанрлық түрлерінен «сыршылдықтан ойшылдығы басым, философиялық сарыны күшті» болуы мен «ғалам сыры, тіршілік құпиясы, жазмыш жұмбағын» тануға ұмтылысы дараландырып тұр. Яғни, **ойшылдық**. Басқаша айтсақ **танымдық** аспектісі дараланған, поэзияда осы танымдық *бейнеленіп* берілген. Шәкәрімнің осы бағыттағы өлеңдерін кәй ғылым саласы қарастырмасын жанрлық табиғаты жағынан философиялық лирика деп тануы шындыққа жанасымды. Философиялық лирика – көркем философия мен сопылық поэзияның және өнер философиясының да объектісі. Діннің де, философияның да, басқаның да бастауында *сөз өнері (миф, т.б.)* тұрғаны туралы ғылымда неше мәрте айтылған. Философиялық лирика көпқабатты (*көркемдік, эстетикалық, танымдық, діни аспектісі астарлан*) жанр. Және, Шәкәрімнің философиялық лирикасы жанр болғанда – сыр сөз, хикмет, трактатқа тән сенім мен танымның негізін бойына жиган барлықты(болмысты) көркемдік шындық арқылы бейнелеп келе жатқан және *ұлттық-адамзаттық құндылықтар жүйесіне негізделген* қазақ сөз өнеріндегі метажанр. Мұнда **танымға сенім** үндескен. «Өзінді өзің таны» дейтін антропологиялық философияның концепциясы мен «Өзінді өзін танысаң, Жаратушыңды да танысың» Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар хадисінің шынайылығы, Құран Кәрімнен бастау алар Ислам санасы, ізгілік жолы Шәкәрім шығармашылығында ерекше көрініс тапқан. Жаратушының барлығы және мәңгілігі туралы идея, дүниенің тұтастығы мен антропология, адамның тұлға ретіндегі құндылығы ақын Шәкәрімнің философиялық лирикасында кең өріске шыққан. Шәкәрім шығармаларында *автобиографиялық жәд* аса қуатты, онда өткен өмір тізбектеліп айтылмайды, одан ақиқатқа бастайтын даналық ой қорытылады. Ақынның «Мұтылғанның өмірі» деген автобиографиялық көркем шығармасын Ғарифолла Есімнің «*Мұтылған*»

философиясы деп қарастыруы кедейсоқтық емес (12, 117-121). Шәкәрімнің философиялық лирикасына иек артқанда, философ, мәдениеттанушы, теолог, филолог барлығы, оны ең алдымен қазақтың ұлттық мінезін, барлығын(болмысын) контексте таниғын ұлттық сөз өнерінің үлкен жанры, ерекше метажанры деп қарастырғаны ләзім. Философиялық лирика, көркем философия, жалпы сөз өнері - ұлттық дүниетанымның, қазақ философиясының бастауында тұрғаны жайында қазірде нақтылы айтыла бастады. Мәселен, Ғарифолла Есім «...халықтық, ұлттық дүниетанымның табиғи-тарихи арналары қайсы дегенде, мен бұл мәселені халықтың **сөз өнеріне** қатысты қарастырмақпын...» (13,7), немесе, «Ұлттық дүниетанымның бастауы қайда? Бұл тұста мынаны айтса жөн: қазақта эпос, жыр, ертегі, айтыс, аңыз, өлең тағы басқалары жетілген халықтық **өнер жүйесі** бар.» (13,8), немесе, «Осының бәрінен ұлттық ойлау, дүниетанымды көрініс береді. Соларды философияның объектісі етіп жиынтықтап, саралай зерттей бастағанда, қазақ философиясына тән, **қазақша ойлау үлгісін** сипаттайтын ұғымдар айқындала бастайды» (13,9). – дейді.

Сол, *қазақша ойлау үлгісін* сипаттайтын ұғымдар, философиялық лириканың, Шәкәрімнің философиялық лирикасының табиғатын айқындайтын көркемдік-танымдық негізгі факторлар болып отыр. Оның **ұлттық** мәйегі аса қуатты. Шәкәрімнің философиялық лирикасындағы, жалпы көркем философиясындағы көркемдік-танымдық, діни-теологиялық ұғымдар, Ахмет Байтұрсынұвтың қазақ ұлттық мәдениетіне, өнер философиясына ренессанстық құбылыс болып келген ұғым-категорияларындай болашақта ықпал етері анық деп танимыз. Мәселен, Шәкәрімнің философиялық лирикасында танымның құрылымы, көпәспектiлiлiгi, гнесологияның, антропологиялық философияның категориялары, мәдениет категориялары - ұлттық ойлау үлгісінде *бейнеленіп, қозғалыста, қарым-қатынаста* берілген. Сондықтан олардың табиғаты ашыла түскен. Мәселен, **ақиқат, адам, жан, тән, барлық(болмыс), анық, ақыл, жүрек, көңіл, ынсап, сыр, нәпсі** тағы басқа ұғымдар жүздеген рет қайталанып келіп, түрлі контексте беріледі. Теологиялық, немесе сопылық поэзия категориялардың молдығы, олардың философиялық лирикадағы орнының ерекше екенін көрсетеді. Шәкәрімнің философиялық лирикасының жанрлық табиғатын ашатын тағы бір фактор, осы категориялардың поэзиялық «сюжетке» объекті болуында, және көбіне көп **қарсылықты** берілуімен ерекшеленеді: *дүние мен өмір, анық пен танық, махаббат пен құмарлық, ашу мен ынсап, таяап пен ақыл, жан мен тән, рух пен нәпсі, мақтау мен сөгіс, міндеу мен күндеу, қараңғы мен жарық, т.с.с.* Сонымен, философиялық лирика танымдық пәні жағынан философияға жақын. Философияның пәні *категория* болса, соның табиғатын тану, сол арқылы дүниені, адамды тануға ұмтылса, философиялық лирика осы

пәнді *бейнелеп* береді, көркемдік жолмен таниды. Яғни, көркем философияға жол ашады. Алайда, көп жылдар ұлттық мәдениетте «ақтаңдақтардың» болуы, кеңестік идеологияның «ішкері» ұлт мәдениетінің кешенді зерттелуіне кері әсерін тигізді. Бір қызығы, осы кезеңде өсіп шыққан, уызға жарымаған, мәйектен ажыраған «мәңгірт-маригиналдар» қазірде ұлт мәдениетін желе зерттеп, елдің алдына түсті. Былық көбейді. Бұл да дерт. **Дегенмен, ұлт мәдениетінің барлығы (болмысы) ұлттық дүниетаным мен философияға өз жолын нұсқары анық.** Ұлттық танымдағы философтардың *ұлттық ойлау үлгісін* сөз өнерінен іздеуі тегін емес. Бұл социальды үлкен жаңалық та емес, тарихта оған мысал көп. Философ В.Ф.Асмус бұл мәселе туралы былай дейді: «Платон излагал свои философские и научные идеи в литературных произведениях. ... греческие философы и ученые постоянно излагали свои воззрения в стихах» (14,6). Классикалық шығыс поэзиясы мен фалсафа, сопылық поэзия мен философия үлкен жолда талай «диалог», яғни *сұхбат* құрған. Алайда ұлттық әдеби туындыны қазірде әркім қажетінше өз керегіне жаратып жүргенмен, оның тегіннен жеру сияқты үрдіс те кейде қылаң беріп қалады. «Бетсыдырғы білім мен тамыры келте танымның тісі батпайтын Шәкәрім бабамыздың сыр сөздері - әдеби туынды ретінде ғана қарастыруды қанағат қылмайтын рухани мұра» (15,.) - деген пікір. Жалпы алғанда, Б.Жисенбайдың «Абай руханияты» мақаласы терең танымды, соны мақала екенін атап өткіміз келеді. Тек, әдеби туынды деген ұғымға қатысты ойына пікір айтпақпыз. Шәкәрімнің сыр сөздері (яғни өлендері, поэзиялық шығармалары) рухани мұра екені рас. Алайда, тегіне қарасак, Шәкәрімнің философиялық лирикасы нағыз әдеби туынды, және көркемдік-эстетикалық, діни-танымдық стилімен ерекшеленетін поэзия жанры екені тағы рас. Сөз өнері - қазақтың көрнек өнері ғана емес, танымдық ойының басында тұрған рухани мұра. Шәкәрім өлендеріне ең алдымен әдеби туынды деп қараймыз. Ақыды ақын дейміз, өлеңді өлең дейміз. Ал оның қуаты адамзатқа рухани азық. Ғылымға жол. Поэзияның жанры, философиялық лирикада «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп келетін абсолютті ақиқат туралы сенім де бар. «Шала дін мен қате пәннің сонынан ерме, шыңға ер» деп келетін таным да бар. Біздің философиялық лирикамы метажанр дәйегіміз сондықтан.

Енді, сол философиялық лириканың біреуіне тоқталайық. Біздің пайымдауымызша Шәкәрімнің кемел жасында жазған «Ойланыз, ақыл, білім қайла болмақ...» (16) деген өлеңі философиялық лирикаға жатады. Шығармада ақынның тұтас поэзиясындағы поэтикалық контексте қайталанып келетін күретамыр тақырыбы - дүниетанымдық концепциясы көрініс тапқан. Шәкәрімнің *қазақ философиялық лирикасын* мол биікке көтергенін байқататын өлеңі. Дегенмен, әр өнер жанрының табиғатын айқындайтын көркемдік-

эстетикалық ерекшелігі, стилі болады дедік. Оны ескермеске болмайды. Өлеңді Аристотельдің «Метафизикасы» сияқты еңбек танып, талдап кету сәтті болар ма екен? Өйткені, философиялық лириканың ең алдымен көркем шығарма екенін естен шығармауымыз қажет. Ақын өлеңіне «Анық пен танық» деп тақырып қояды. Анық – Шәкәрімнің қазақ философиясына енгізген концепткатегориясы. Ұғымды кең қарастырайық. Шәкәрім осы ұғымды алып өлең ғана жазбаған, ғылыми еңбек те жазған. Оған «Үш анық» философиялық трактаты дәлел. Онда философ Шәкәрім түйіп айтсақ «дүниені Жаратушының жаратқандығы» - анық, «адамның барлық рухани қасиеттері жаннан шығатыны, Жанның ажалсыздығы, аса маңыздылығы» - анық, «адам жанының азығы, Ұждан» - анық» деген тұжырымдама жасаған. Бұл – философиялық трактат, яғни ғылыми еңбегіндегі тұжырым. Ғалым Б.Рақымжанов алғашқы боп өз зерттеуінде «бірінші, екінші және үшінші анық деген жоқ, үш анық бар деп» осылай жүйелейді (17). Ал, Шәкәрімнің осы, басқа да категория-ұғымдарды көркем шығармада алудағы мақсаты не? Мың жылдық тарихы бар сопылық поэзияның оқырманға (тыңдаушыға) ықпалын білетін суреткер танымдық ойын жеткізуге осы дәстүрдің жетекшілік атқаратынын білген. Лирикалық шығармасында Анықтың жанына Танық ұғымын қояды. Танық - көркем шығармадағы негізгі *ұғым-бейне Анықтың* табиғатын ашу үшін қажет. «Есінен тану», «айтқанынан тану» деген ұғымдар бар, соған жақын алынған Танық ұғымы адамның бойындағы жағымсыз қасиеттердің жиынтық атауы - философиялық макрокатегория. Бұл жағдайда *Анық* пен *Танық* шендестіріле берілген метафоралық символ. Көркем шығармадағы философиялық таным. Мағжанның махаббат лирикасындағы «...нәзік талдай белінен, ...тәтті балдай тілінен» (18,83) дегендей әсем теңелмейді. Бұл махаббат лирикасының көркемдік-эстетикалық қуаты. Бұл әлсіздік емес, махаббат лирикасының даралығы. Ал, философиялық лирикада *Анық* дегеніміз не? Соның мәні, структурасы талданып-бейнеленеді. **Концепт-ұғымның теңелмей шендестіріле берілуі философиялық лириканың көркемдік-эстетикалық табиғатының көрінісі, лирикада ұғым-бейнелі категориялық берілу тәсілі.** Философиялық лириканың өзегінде негізгі ұғымға қарама-қарсы ұғым берілу тән дедік, сол лирикалық сюжет құратын «оппозициялық» категория арқылы автор өз концепциясын, бірінші ұғымның «көркемдік-танымдық» бейнесін ашуға ұмтылады. Кейде «тану» ұғымына етістіктің лексика-грамматикалық категорияларының (-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе) қосымшасы қосылу арқылы болымдылық мәнге қарама-қайшы етістіктің болымсыздық (болымды-болымсыздық) категориясын жасайды да, мағына өзгереді. Жағымдылық реңк алады. Мәселен, «Танбаймын шәкіртімін Толстойдың» дегендегі

танбау, «Танық» ұғымына карама-карсы келіп, «полярлы» мағынаға ие. Бұл философиялық лириканың грамматикалық аспектісіндегі көріністер.

Шәкәрімнің философиялық лирикасындағы танымдық ұғымдар, «ойын-күлкі», «гашықтық-құмарлық», «ақыл-жүрек-қайрат» сияқты ұғымдарды жаңа сапаға көтерген Абай дәстүрінің өрелі жалғасы. Философиялық лирикаға тән шығарма тақырыбында берілген автордың көзқарасы өлеңнің алғашқы шумағында айқын көрінген: «Ойланыз ақыл, білім қайда болмақ. Денеде қандай орын, жайда болмақ? Білу, нану, ұнағу – ақыл ісі, Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?». Өлеңнің алғашқы шумағындағы екі тармақ екі сұрақ-сауал түрінде берілген. Сұрақ-сауалдың мазмұны - ақыл, білімнің орны қайда, сол ақылдың ісі қайтсе пайда, қайткенде зиян. Субстанциальды мазмұнға ие негізгі ұғымның мәнін айқындауды басты мақсат еткен философиялық өлең осындай ойтолғаммен басталады. Лирикалық кейіпкер, авторлық «Мен» шегініс жасап, бейтарап күйде қалған. Биографиялық сигналдарды автор саналы түрде алып тастаған. Ал, автордың концепциясы - осындай концепт ұғымдарды біріктіре, рационалды айқындылықпен негізгі идея-ұғымға қарай ой желісінің жылжуынан байқалады. Келесі шумақтар ширап, ақын ойы магистралды арнаға қарай жылжып отырады. Екінші шумақтың өз мотивациясы бар: «Тән – сезіп, құлақ – естіп, көзбен көрмек, Мұрын – иіс, тіл – дәмнен хабар бермек. Бесеуінен мидағы ой хабар алып, Жақсы, жаман әр істі сол тексермек». Философиялық лирикада лирикалық кейіпкер мейлінше жасырылған. Философиялық лирикада автор ойының қозғалысы берілген «ұғым-бейненің» мәніне бағытталған. Субъектінің санасы дараланған, бірақ эмоционалды-психологиялық нақтылықта көрініс таппайды. Ол өлеңнің синтаксистік конструкциясынан да байқалады. Сыртқы қалып пен ішкі мазмұнның гармониясы өлең мақсатын тануға жол ашқан. Мақсатты келер шақтық құрылым (болмақ, көрмек, тексермек, қозғалмақ, оңбақ, асылмақ, сатылмақ, атылмақ т.б.) лирикалық тұлғаның мақсатынан хабар беріп, адресатты айқындауға да қызмет етіп тұр. Лирикалық кейіпкер лирикалық тұлға деңгейіне көтерілген. Философиялық лирикада автор оқырманды сол ұғымдардың мәніне, адам денесінің бес сезімі арқылы білінген нәрсенің қайда барарына бағыттайды. Ақын Шәкәрімнің *бейнелік ойы*, философ Шәкәрімнің *танымдық ойымен* үндесетін, өзінің философиялық трактатындағы Анықтатын мәнінше, антропологиялық философия мәселесіне сәйкес келетін сәті осы. Шәкәрім «Үш анық» философиялық трактатында: «Енді бір кесел: 1797 жылы туып, 1857 жылы өлген Огюст Конт деген адам; Физика жолымен анықталмаған, метафизика нәрсені білем деп әуре болмайық. Дене сезімімен барлығы табылған нәрсені ғана шын деп білейік деген бір жол шығарып, оған «позитивизм» деп ат қойған. Соған нанып

қалып, сол жолға түсіп, дененің бес сезімі арқылы білінбеген нәрсені бір жола жоқ деп қоятын болған. Сөйтіп жанның ең қасиеті – терең ой, лоқтадан сау ақылын арқандап қойып, жанын тани алмай қалған», (19) - деген. Яғни, бесеуінен мидағы ой хабар алып, жақсы, жаман екенін ақылға салып тексермек, билік жүректен шығарылмақ. Маңызды мәселелерді поэтикалық ойтолғаныстан өткізу Шәкәрімнің философиялық лирикасының стилі. Ақылға салмай, ықтималмен, өлшеуге алмай, нәпсінің ұнатқанымен жүргеннің қайда ұрындырарын Шәкәрім өлеңде дәл бейнелеп берген: «Нысананы сығалап, дәлдеп атпай, Көзін жұмып оқ атқан қайтіп оңбақ». Философияда «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, жүрек көзімен көреді» дейтін Шәкәрім ақылға салып, жүрекке олшетпеген күйдің байлаусыздығын өлеңінде көркемдік-эстетикалық таныммен ашады. Ақын ақылдан ойға, ойдан жүрекке ойысады. Ғылымда негізгі салмақ ақылға түссе, поэзияның негізгі тірегі жүрек болмақ. Ойтолғамнан шешім шығармақ сәттегі ар мен ұяттың ұясы жүректің мәніне Шәкәрім үш мәрте тоқталады: «Дәл солай қалайын деп, ұнағанда, Ғадилетті жүрегің бір қозғалмақ», «Бар билік сол жүректен шығарылмақ», «**Жүрегінің** тілі жоқ, ымбалы сол, Ұғып ал да бола гөр соған көмек». Шәкәрім өлеңінің мәйек-ядросы жүрек болып, негізгі ой соған бағытталған. Абай «Он төртінші қара сөзінде» жүрекке қаратып: «Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма? ... Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» (20) деген. Ал, он жетінші қара сөзінде де қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің өнерлерін айтысып, таласып келгенде, ғылым «Үшеуін ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, Құдай тағала қалпына әрдайым қарайды деп Кітаптың айтқаны осы» (20) - дейді. Бұл, философиялық трактаттағы тұжырым. *Ислам* дінінде, *Құран Кәрімде* жүрек – негізгі тірек. Шәкәрімнің философиялық лирикасында да жүрек – негізгі макрокатегория. Шәкәрімнің ақиқатқа жетуге, хақиқатты тануға бағытталған философиялық трактат-еңбектеріндегі ойтанымы, философиялық лирикасында бейнелілік жолмен дами жалғасын тауып, үндесіп жатады: «Жасырып тұр Жар өзін, Бас көзімен карама, Жүрегінің көзін аш, Жанның сырын арала», т.б., т.с.с. Абай қалыптастырған философиялық лириканың дәстүрін Шәкәрім дамыта жалғастырды дегенде, осы тақырыпта жазған шығармаларының *мазмұндық сыры мен пішіндік тұриатынан да реминиценциальдық* өзгеше үндестік табамыз. Мәселен, «Ел бұзылса, құрады шайтан өрмек, Періште төменшіктеп, қайғы жемере» (21, Абай), «Арсыз, арам, асығыс, айлакерлік, Мұның бәрі шайтанның досы болмақ» (Шәкәрім). Екі өлеңде де Ар

ілімі, адал рухани таза жолмен жүрмеген пендені не күтіп тұрғаны сонғы *түшін-сентенция* шумақта шешімін табады. Абайда «Игітей қор боп, өзіне сөз келтірмек» болса, Шәкәрімдегі үкім одан да қатал: «Құдай кешер, алла деп күнә кылмақ, Ар кетіріп, ант ішіп, жан сатылмақ, Не жалғанда, немесе акиретте, Оңалмастай өкпеден бір атылмақ». **Лирикада қандай да бір сюжет болмайды дегенмен, философиялық лирикадағы берілген ұғым-категория өзегіше мазмұн бар. Философиялық лириканың өз «сюжети» бар дейтініміз сондықтан.** Философиялық лирикада категориялық ұғымның мәні анықтамалық жолмен берілмейді, бейнелік жолмен ашылады. Шәкәрімнің философиялық лирикасы тұтас көркемдік-эстетикалық, діни-теологиялық, әлеуметтік-тарихи құбылыс. Осы өлеңде суреткердің адамгершілік позициясы, ар ілімі көрініс тапқан. Ақынның толғаныс пен ізденіс, қиялының поэтикалық қорытындысы, дүниетанымдық мәнде, көркемдік ойлау мәдениетінің қуаты. Сәттік толғаныстың жемісі емес, жүйелі көркемдік-эстетикалық танымның жемісі. Шәкәрімнің философиялық лирикасы ұлттық рухқа ие. Қазақ ұлттық философиясының концептсферасы. Пәлі – философиялық антропология. Шәкәрім философиялық ойын сөз өнері формасымен берген. Философиялық лирика *философияға* нәнді тану жағынан жақын келеді. Жеке адам емес, әркімге, кез-келгенге айтылатын ұғымды таныту, оның адамдық сапасы, адамзат мәселесі. Философиялық лирикада субъектінің санасы мәтінге сніп кеткен, кейіпкер ретінде (болыс, т.б.) объектіленбеген. Барша адамзатқа қаратылып айтылған. Философиялық лирикада анықталмақ концепт-ұғымның мәнін, дефинициясын айқындауда қарама-қарсылық, гармония мен дисгармония маңызды рөл атқарады, онда уақыт - мәңгілік, кеңістік - шексіз. Шәкәрімнің философиялық лирикасының негізгі идеясы – адамдық сапасы, ар ілімі деген ойдамыз. Осы барлаушы-болжам оймен философиялық лирика туралы пікір-талпынысымызды жеткізуге тырыстық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақылы, -216-222 беттер. // Кітапта: Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу // Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш, -340-361 беттер. // Кітапта: Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу // Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. «Ғылым», - Алматы, -1967. -391 б.
4. Ахметов З. Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі, -30-39 беттер.// Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ (Құраст. Т.Шаңбай) - Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», -360 б.

5. Бердібай Р. Елеулі рухани олжа, -39-45 беттер. // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ.(Құраст. Т.Шаңбай) - Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», -360 б.
6. Базарбаев М. Шәкәрім ақын, -45-60 беттер. // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ.(Құраст. Т.Шаңбай) - Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», -360 б.
7. Елеуенов Ш. Армысыз, Шәкәрім аға! -60-75 беттер. // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ.(Құраст. Т.Шаңбай) - Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», -360 б.
8. Сәтбаева Ш. Қ. Лирикалық өрнектер сыры, -75-89 беттер. // Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ.(Құраст. Т.Шаңбай) - Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», -360 б.
9. Мырзахметұлы М. Абай мен Шәкәрімнің сопылыққа қатысы. «Түркістан» газеті. №22(672). 31 мамыр, бейсенбі. 2007 жыл.
10. Шапай Т. Шың жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. -256 б.
11. Досқенов Ғ. Философиялық лирика, -367-369 беттер.//Кітапта: Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. (Құрастыр.: З.Ахметов, Т.Шаңбай), -Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006, -398 б.
12. Есім Ғарифолла. Даналыққа күштарлық: Философия. Методология. Көрнек өнері. –Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», -2007. -522 б.
13. Есім Ғарифолла. Қазақ философиясының тарихы: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 216 б.
14. Асмус В.Ф. Платон. Изд. 2-е. –Москва. Едиториал УРСС, 2005. -160 с.
15. Жисенбай Е. Абай руханияты. -199-220 беттер. // Кітапта: Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері (Ұжымдық монография) –Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы. -2002. -274 б.
16. Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар. (Құраст. М.Мағауин.) – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.
17. Б. Қадырұлы. Шәкәрімнің Үш анығы немесе таным таразысындағы ақиқат. Шәкәрім. Ғылыми-педагогикалық журнал. №3(03) 2006. -132 б.
18. Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.
19. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық.//ҚазССР Ғылым акад., М.О.Әуезов атынд. әдебиет және өнер ин-ты; Жауапты ред. А. Сейдімбеков. – Алматы: Қазақстан: «Ғақлия» ғыл.-әдеби орталығы, 1991.- 80 б.
20. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы\Қаз. Респ. Ұлттық ғылым акад. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Жазушы, 1995. Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар; поэмалар; қара сөздер. – 384 б.
21. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы\Қаз. Респ. Ұлттық ғылым акад. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Жазушы, 1995. Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 336 б.